

## **Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі Егіндібұлақ ауылындағы көшелерді қайта атау туралы**

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 4 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастикалық комиссияның 2022 жылғы 19 қазандағы қорытындысы негізінде, Егіндібұлақ ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі Егіндібұлақ ауылындағы Совет және Киров көшелері Ардагерлер көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі*

*М. Садуақасов*